


Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық институты

Презентаци Я

dreamstime.

Тақырыбы: Тіл мәдениеті
Орындаған: Рахматулла Г.
Қабылдаған: Қайырбекова Ұ



Жоспар

1. Мәдениеттің тілге қатысы.
 2. Баспасөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті.
- 

Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер тағы басқалар рухани өмір табыстарының жиынтығы да, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксиста, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы. Тіл мәдениеті екі салаға бөлінеді: баспасөз тілінің мәдениеті, сөйлеу тілінің мәдениеті. Олардың қарым-қатынасы нәтижесінде баспасөздің сөйлеу тіліне тигізетін әсері күшті. Баспасөз тіл мәдениетінің дәрежесі әдеби тілдің сапасы қандай екендігіне өлшем бола алады.

Баспасөз тілі мәдениеті

Тіл мәдениетінің ішінде «баспасөз тілі мәдениетінің дәрежесі әдеби тілдің де сөйлеу тілінің де сапасы қандай екендігіне өлшем бола алады». Баспасөзді «Әдеби тіл мәдениетінің айнасы» (М.Балақаев) деп текке айтпаған болар, кезінде М.Әуезов газет-журналдардың рөліне үлкен мән берген болатын: «Анық өскелең сапаға ие болған өнерлі әдебиет-сөз жұртының тіл өнері жөніндегі тәрбиешісі, көмекшісі. Әрбір жеке ірі шығарма тәрізді жеке баспа орны да өз оқушы жұртшылығын тіл өнеріне тәрбиелейді. Біздің газетіміз ойдағыдай сапалы тілмен шығып тұрса, оқушы мен жас жазушыларымызды шешендікке, орамды тіл шеберлікке баулиды» деп айтқаны тек емес.



Баспасөз тілінің мәдениеті алдымен оның сауаттылығымен өлшенеді. Газет, журналдар қалың көпшілікке арналғандықтан, олар орфографиялық, пунктуациялық, стильдік қателерден аулақ болғаны жөн. Баспасөз бетінде жарияланатын мақала, шолу, басқа да хабарлардың мазмұнды шығуымен қатар, олардың сауатты жазылуы да редакция тарапынан да, журналистер тарапынан да қатаң бақыланып отыруы қажет. Газет бетіндегі қателер негізінен тіл заңдылықтарын, грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық ережелерді білмеуден болады.

Сөз мәдениеті


- **Сөз мәдениеті** — әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту.

Сөз мәдениеті қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормаларын жеке адамдардың сақтауын талап етеді. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталау беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене қимылдарын араластыра беру сөз мәдениетіне жатпайды.

Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру, сіреспе құрылымдарды қолдану Сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр

Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т.б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі Сөз мәдениетінің дамуына ауыз әдебиетінің өкілдері және Абай, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, т.б. шығармаларының ықпалы зор болды. Қазақ тіл білімінде Сөз мәдениетінің мәселелерін А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Р. Сыздықова т. б. ғалымдар зерттеді.

Ғалымдар...



- Кенестік орыс тіл білімінде Сөз мәдениетінің теориялық мәселелерін Л. В. Щерба, В. В. Виноградов, Г. О. Винокур, Р. И. Аванесов, С И. Ожегов, Ф. П. Филин т. б. зерттеді.

Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Сыпайылықтың да жөні, жосығы бар. Сыпайылықты бүгінде тым қарабайыр түсіну де қоғамдық пікірде нық орнықты. Ынжықтық, өз ойын кесіп айта алмаушылық, кібіртктеу, орынсыз ұялу, дер кезінде сөйлей білмеу секілді қасиеттер сыпайылықпен бірге қоныс теппейді.

Тіл мәдениетінің қамын жеу, сайып келгенде, тіл тазалығына, ой дәлдігіне қамқорлық жасау болып табылады. М. Горький “Тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күрес – мәдениет құралы үшін күрес” деген болатын. Бұл құрал неғұрлым өткір болса, ол солғұрлым нысанаға дәл тиіп, ол солғұрлым жеңімпаз болмақ.

Сілтемелер:

- <https://baribar.kz/student/1968/soeyleu-mad-enieti-el-martebes/>
- https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D3%A9%D0%B7_%D0%BC%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D1%82%D1%96
- <http://emle.kz/articles/get/99>
- [Гулсезим Иса](#) Хабарлама: 302 Тіркелді: 07 желтоқсан 2015, 11:45

Назарларыңызға рахмет!